

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының

2009 жылдың 01 желтоқсанындағы
№ 341 шешімімен

Б е к і т і л д і

2009 жылдың 14 желтоқсанынан бастап

Қолданысқа енгізілді

Бағалы қағаздардың өтімділік көрсеткіштерін анықтау ӘДІСТЕМЕСІ

Алматы қ.

2009

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді (2011 жылдың 15 наурызындағы № 20 отырыс хаттамасы);
- 2011 жылдың 15 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2011 жылдың 21 желтоқсанындағы отырысының № 230 хаттамасы) бекітілді;
- 2012 жылдың 01 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілетін Индекстер және бағалы қағаздарды бағалау комитетінің атауын ауыстыру туралы өзгертуден басқасы, 2012 жылдың 23 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Осы Әдістеме "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) тізімінде тұрған, бір тұрпаттағы¹ бағалы қағаздар арасындағы қандай да бір атаудағы бағалы қағаздардың өтімділік көрсеткішінің мәнін, салыстыру үшін сұрыпталған осы тұрпаттағы барлық бағалы қағаздарға қатысты бір атаудағы бағалы қағаздың өтімділік дәрежесін анықтау мақсатында, есептеу тәртібін, сондай-ақ қандай да бір тұрпаттағы өтімді және өтімсіз бағалы қағаздар тізімдерін қалыптастыру тәртібін белгілейді (*осы абзац Биржа Басқармасының 2011 жылдың 15 наурызындағы шешімімен өзгертілген*).

1 Тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Әдістемеді Биржаның ішкі құжаттарында анықталған ұғымдар қолданылады.
2. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздардың өтімділік дәрежесі, осы Әдістеменің 2 тарауына сәйкес, осы атаудағы бағалы қағаздарына арналып есептелінген K_i өтімділік көрсеткішінің мәнімен сипатталады.
3. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздың өтімділік көрсеткішінің мәнін есептегенде:
 - 1) репо операцияларына жататын мәмілелер ескерілмейді;
 - 2) арнайы мамандандырылған сауда-саттық шегінде жасалған мәмілелер ескерілмейді;
 - 3) ашық сауда-саттық әдісімен жасалған, орындалған мәмілелер ғана ескеріледі.
4. Өтімділік көрсеткіші мәнінің қандай да бір атаудағы бағалы қағаздың объективті саудалану деңгейіне бара-барлығын қамтамасыз ету үшін, Биржаның Индекстер және бағалы қағаздарды бағалау комитеті мәміленің өтімділік көрсеткішінің мәнін есептеуден, оның пікірі бойынша нарықтық емес сипаттағы (мысалы, техникалық қателермен жасалған мәмілелер, нарықтық жағдай және/немесе тиісті бағалы қағаздардың бағасының нарықтық динамикасына мүлде сәйкес келмейтін мәмілелер) мәмілелерді алып тастауға құқылы (*осы абзац Биржа Басқармасының 2011 жылдың 21 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).

Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздардың өтімділік көрсеткішінің мәніне бір дүркін жасалатын аса ірі мәмілелердің ықпалын есептен шығару мақсатында, Биржа мәміленің осы көрсеткішін есептегенде, төменде берілген формуламен есептелетін V_{lim} көлемінен асатын өлшемдерді алып тастауға құқылы:

$$V_{lim} = \bar{V} + 3\delta, \text{ мұнда}$$

- \bar{V} – өтімділік көрсеткіші есептелетін кезеңдегі бір түрдегі бағалы қағаздармен жасалған барлық мәмілелер көлемінің орта арифметикалық мәні (осы Әдістеменің 3 тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп);
- δ – өтімділік көрсеткіші есептелетін кезеңдегі, бір түрдегі бағалы қағаздармен жасалған барлық мәмілелердің арасындағы кез келген мәміле көлемінің, осы мәмілелер көлемінің орта арифметикалық мәнінен, орта квадраттық ауытқуы.

2 Тарау. ӨТІМДІЛІК КӨРСЕТКІШІНІҢ МӘНІН ЕСЕПТЕУ

5. Қандай да бір кезеңдегі (әріректе – талданатын кезең) қандай да бір атаудағы бағалы қағаздың өтімділік көрсеткішінің мәні мынадай формуламен есептеледі:

$$K_i = 0,5K_v + K_q + K_p + 0,7K_d, \text{ мұнда:}$$

- K_v – осы Әдістеменің 6 тармағына сәйкес, асы атаудағы бағалы қағазға есептелетін мәмілелер көлемінің көрсеткіші;
- K_q – осы Әдістеменің 7 тармағына сәйкес, осы атаудағы бағалы қағазға есептелетін мәмілелер санының көрсеткіші;
- K_p – осы Әдістеменің 8 тармағына сәйкес, осы атаудағы бағалы қағазға есептелетін бағалы қағазбен мәміле жасауға қатысқан Биржа мүшелерінің санының көрсеткіші;

¹ Мысалы, акциялар, корпоративтік облигациялар, мемлекеттік бағалы қағаздар.

K_d – осы Әдістеменің 9 тармағына сәйкес, осы атаудағы бағалы қағазға есептелетін нәтижелі күндер санының көрсеткіші;

6. Талданатын кезеңдегі қандай да бір атаудағы бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер көлемінің көрсеткіші мынадай формуламен есептеледі:

$$K_v = \frac{V}{V_{\max}}, \text{ мұнда:}$$

V – талданатын кезеңде осы атаудағы бағалы қағаздармен жасалған мәмілелердің көлемі;

V_{\max} – Биржа тізімінде тұрған бағалы қағаздар арасындағы осы түрдегі қандай да бір атаудағы бағалы қағаздармен жасалған мәмілелердің ең ірі көлемі.

7. Талданатын кезеңдегі қандай да бір атаудағы бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер санының көрсеткіші мынадай формуламен есептеледі:

$$K_q = \frac{Q}{Q_{\max}}, \text{ мұнда:}$$

Q – талданатын кезеңде осы атаудағы бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер саны;

Q_{\max} – Биржа тізімінде тұрған бағалы қағаздар арасындағы осы түрдегі қандай да бір атаудағы бағалы қағаздардың талданатын кезеңде жасалған мәмілелерінің ең көп саны.

8. Талданатын кезеңде қандай да бір атаудағы бағалы қағаздармен жасалған мәмілеге қатысқан Биржа мүшелері санының көрсеткіші мынадай формуламен есептеледі:

$$K_p = \frac{P}{P_{\max}}, \text{ мұнда:}$$

P – Талданатын кезеңде қандай да бір атаудағы бағалы қағаздармен жасалған мәмілеге қатысқан Биржа мүшелері санының көрсеткіші;

P_{\max} – Биржа тізімінде тұрған бағалы қағаздар арасындағы осы түрдегі қандай да бір атаудағы қандай да бір бағалы қағаздардың талданатын кезеңде жасалған мәмілеге қатысқан Биржа мүшелерінің ең көп саны.

9. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарға нәтижелі күндер көрсеткіші мынадай формуламен есептеледі:

$$K_d = \frac{D}{D_{\max}}, \text{ мұнда:}$$

D – талданатын кезеңдегі осы атаудағы бағалы қағаздармен мәмілелер жасалған күндер саны;

D_{\max} – Биржа тізімінде тұрған бағалы қағаздар арасындағы осы түрдегі қандай да бір атаудағы қандай да бір бағалы қағаздардың талданатын кезеңде мәмілелер жасалған күндерінің ең көп саны.

3 Тарау. ӨТІМДІЛІК ДӘРЕЖЕСІ БОЙЫНША САРАЛАНҒАН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ ТІЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

(Осы тараудың тақырыптамасы Биржа Басқармасының 2011 жылдың 21 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).

10. Жалпы алғанда өтімділік дәрежесі бойынша сараланған бағалы қағаздардың тізімдері келесі тәсілдермен қалыптастырылады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2011 жылдың 21 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*:

1) өтімділік деңгейі бойынша салыстырылатын бағалы қағаздар атауларының тізімі, сондай-ақ салыстыру жүргізудің кезеңі анықталады;

- 2) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес анықталған тізімдегі бағалы қағаздың әрбір атауы үшін өтімділік көрсеткішінің мәні есептеледі;
- 3) қорытқы тізімді қалыптастыру кезінде бағалы қағаздардың атаулары олардың өтімділік көрсеткіштері мәндерінің кему тәртібінде сұрыпталады, бұл ретте қорытқы тізімде осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес анықталған тізімдегі бағалы қағаздардың барлық атаулысы немесе осы тізімнің жалпыға бірдей бір белгімен сипатталатын белгілі бір бөлігі (мысалы, қорытқы тізім өтімділік көрсеткішінің ең жоғарғы мәніне ие он атаудағы бағалы қағаздардан құрастырылуы мүмкін Топ-10) болуы мүмкін.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2011 жылдың 15 наурызындағы шешімімен өзгертілген).

11. Биржаның ішкі мақсаттарына, соның ішінде, қандай да бір атаудағы бағалы қағаздардың сауда-саттық регламентін, сауда-саттықтың түрді әдістерін қолдану тәртібін, бағалы қағаздарды бағалау мақсаттарын анықтау, сондай-ақ бағалы қағаздардың маркет-мейкерлеріне қойылатын талаптарды белгілеу үшін, Биржа бағалы қағаздардың келесідей тізімдерін қалыптастыралы:

- өтімділігі бірінші кластағы бағалы қағаздар;
- өтімділігі екінші клатсағы бағалы қағаздар;
- өтімділігі үшінші кластағы бағалы қағаздар.

Аталмыш тізімдер осы Әдістеменің 12-15 тармақшаларына сәйкес, Ақпарат және сараптау департаменті құрастырады және Қалыптастырылған күннен кешіктірмей, оны Биржаның Индекстер және бағалы қағаздарды бағалау комитеті бекітеді. Қалыптастыру күні, егер ол Қазақстан Республикасындағы жұмыс күніне сәйкес келсе, әр жылдың әрбір тақ айының жиырма үшінші жұлдызы болып саналады, ал егер бұл күн Қазақстан Республикасындағы демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, онда жиырма үшінші жұлдызынан кейінгі бірінші жұмыс күні болып есептеледі. Баяндалған тәсіл арқылы құрастырылған тізімдер құрастырылған айдан кейінгі айдың бірінші жұлдызынан бастап қолданысқа енгізіледі және екі күнтізбелік ай аралығында (осы тараудың 15 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) қолданыста болады.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2011 жылдың 15 наурызындағы және 2011 жылдың 21 желтоқсанындағы шешімдерімен өзгертілген).

12. Осы тараудың 11 тармағында аталған бағалы қағаздардың тізімдері, Қалыптастыру датасына дейін 60 күнтізбелік күннен кем емес уақыт бойы Биржада сауда-саттығы ашылған бағалы қағаздар атауынан қалыптастырылады (осы Әдістеменің 14 және 15 тармақтарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2011 жылдың 15 наурызындағы және 2011 жылдың 21 желтоқсанындағы шешімдерімен өзгертілген).*

13. Осы тараудың 11 тармағында аталған, бағалы қағаздардың тізімдерін қалыптастыру үшін Биржа осы Әдістеменің 2 тарауына сәйкес әрбір сұрыпталған бағалы қағаздың атауы үшін өтімділік көрсеткішінің (К_i) мәнін есептейді. Есептесу Қалыптастыру күнінің алдындағы 60 күнтізбелік күн арасында Биржаның сауда-саттық жүйесінде сұрыпталған атаулардың бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер параметрлері негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте Қалыптастыру күні аталған 60 күнтізбелік күнге кірмейді *(осы абзац Биржа Басқармасының 2011 жылдың 21 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*

Өтімділік көрсеткішінің есептелген мәндері – беске дейінгі сандар нөлге дейін кемиді, бес және одан жоғары сандар онға дейін көбейеді деген математикалық дөңгелектеу ережелері бойынша, үтірден кейінгі үшінші таңбасына дейін дөңгелектенеді.

Өтімділік көрсеткішінің мәндері 0,700-ге тең немесе одан жоғары болса, осы бағалы қағаздар бірінші кластағы өтімді бағалы қағаздар тізіміне енгізіледі, өтімділік көрсеткіштері 0-ден жоғары 0,700-ден төмен болса, бұл бағалы қағаздар екінші кластағы өтімді бағалы қағаздар тізіміне енгізіледі, өтімділік көрсеткіштері 0-ге тең болса, бұл бағалы қағаздар үшінші кластағы өтімді бағалы қағаздар тізіміне енгізіледі (осы Әдістеменің 15 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) *(осы абзац Биржа Басқармасының 2011 жылдың 21 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2011 жылдың 15 наурызындағы шешімімен өзгертілген).

14. Қандай да бір атаудағы бағалы қағазды Биржа тізіміне енгізу кезінде ол автоматты түрде үшінші кластағы өтімді бағалы қағаздар тізіміне енгізіледі де, Биржада осы атаудағы бағалы қағаздар бойынша сауда-саттық ашылған күннен бастап, осы тізімде кемінде (осы тараудың 15 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) 60 күнтізбелік күн тұрады. Кейін осы атаудағы бағалы қағаздарды қандайда бір кластағы өтімді бағалы қағаздар тізіміне енгізу осы Әдістеменің 12 және 13 тармақтарына сәйкес жалпы негіздер бойынша жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2011 жылдың 15 наурызындағы және 2011 жылдың 21 желтоқсанындағы шешімдерімен өзгертілген)*.

15. Ерекше жағдайларда қандай да бір атаудағы бағалы қағаз, Индекстер және бағалы қағаздарды бағалау комитетінің шешімімен, оған есептелген K_1 өтімділік көрсеткішінің мәніне қарамастан, аталмыш атаудағы бағалы қағазды өтімді немесе потенциалды өтімді және/немесе өтімділіктің бірінші немесе екінші класына сәйкес деп санауға мүмкіндік беретін (мысалы, оның шетел нарығына белсенді сатылуы немесе орналастыру жүргізілуі) объективті факторлардың бар болуы шартымен, бірінші немесе екінші кластағы бағалы қағаздар тізіміне енгізілуі мүмкін. Индекстер және бағалы қағаздарды бағалау комитетінің мұндай шешімі, осы тараудың 11 тармағында аталмыш тізімдерді қалыптастыру кезінде де, басқа күні де қабылдануы мүмкін.

Ерекше жағдайларда K_1 өтімділік көрсеткішінің мәні нөлден жоғары болған қандай да бір атаудағы бағалы қағаз Индекстер және бағалы қағаздарды бағалау комитетінің шешімімен үшінші кластағы өтімді бағалы қағаздар тізіміне енгізілуі мүмкін. Индекстер және бағалы қағаздарды бағалау комитеті мұндай шешімді аталған бағалы қағаздың жалған өтімділігін және оның K_1 өтімділік көрсеткіші мәнінің дұрыс көрсетілмеуін айғақтайтын объективті фактілердің болуы шартымен, бірінші, екінші және үшінші кластағы өтімді бағалы қағаздар тізімін бекіту кезінде қабылдауы мүмкін.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2011 жылдың 15 наурызындағы және 2011 жылдың 21 желтоқсанындағы шешімдерімен өзгертілген).

16. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2011 жылдың 15 наурызындағы шешімімен алынып тасталған).*

Президент

Қ.Қ. Дамитов